

Шадманова Лаура Шарбатовнаның 6D061300 – «Геоботаника» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Жоңғар Алатауы популяциясындағы *Malus sieversii* (Ledeb.) M. Roem жаңа сорт-клондарын *in-situ* және *ex-situ* жағдайында зерттеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына пікір

Шадманова Лаура Шарбатовнаның диссертациялық жұмысының нысаны Қазақстанның «Қызыл кітабына» және халықаралық қызыл тізімге енген - *Malus sieversii* (Ledeb.) M. Roem жабайы өсетін алма түрі. Жүргізілген зерттеу жұмысы аталған өсімдіктің Жетісу Алатауы популяциясының жаңа сорт-клондарын *in-situ* және *ex-situ* (Бас ботаникалық бақ жағдайында) жағдайында салыстырмалы зерттеуге және сақтауға арналған. Бірегейлігі жалпыға белгілі *Malus sieversii*-дің Жетісу Алатауы популяциясының қазіргі кездегі жағдайын өткен ғасырдың 2-ші жартысындағы жағдайымен салыстыра отырып толық мониторинг жүргізуі жұмыстың өзектілігін айқындап отыр. Зерттеу нәтижесінде селекцияға және практикаға қажетті ұсыныстар берілген.

Лаура Шарбатовнаның диссертациялық жұмысы – алынған ғылыми зерттеу нәтижелері негізінде жазылған, колжазба ретінде ұсынылған ғылыми еңбек. Зерттеу жұмысында алған нәтижелері автордың ғылымға енгізген жаңалығы деп санаймын.

Кешенді жүргізілген жұмыс толығымен аяқталған, жұмыста автордың ғылыми жариялымдарына жасалған шолулардың нәтижелері ұсынылған.

Шадманова Лаура Шарбатовнаның диссертациялық жұмысында алынған барлық ғылыми нәтижелер, қорытындылардың негізделуі мен шынайылық дәрежесі ешқандай күмән туғызбайды. Зерттеу жұмысында Қызыл кітапқа енген түр *Malus sieversii*-дің популяциялары мен сорт-клондары заманауи биологиялық, молекулалық – генетикалық және биохимиялық әдістерімен зерттелген және әдістер дұрыс таңдалған.

Жоңғар Алатауының үш шатқалында *Malus sieversii* өсімдігінің популяциялары кездесетін өсімдіктер қауымдастығындағы түрлердің гербарий үлгілері мен сирек түр тұқымындарының ҚР БҒМ Ботаника және фитосинтродукция институтының гербарий қорына және тұқым банкіне ендірілгені туралы актілері зерттеу нәтижелері мен қорытындыларының шынайылығын растайды.

Л.Ш. Шадманова диссертациялық жұмыс барысында өзін өте белсенді және ойшыл зерттеуші ретінде және зерттеу жұмысын дербес жүргізе алатынын көрсетті. Ол Сиверс алма популяциясын *in-situ* және *ex-situ* жағдайында зерттеудің барлық әдістерін меңгерді.

Л.Ш. Шадманова барлық зерттеу жұмысын өзі жасаған және диссертацияда ұсынылған материалдар жыл сайын әр маусымда «А. Жаңғалиев атындағы жемісті өсімдіктерді жерсіндіру және тектік қорын қорғау зертханасы», «Геоботаника» және «Жоғары өсімдіктер флорасы» зертханаларының мамандарымен бірге экспедициялық сапарлар барысында

жиналған. Германия мен Ресейдің жетекші ғалымдарымен бірлескен халықаралық экспедицияларға да қатысты.

Диссертацияның негізгі қағидалары, нәтижелері, тұжырымдары және қорытындысы 17 ғылыми басылымда жарияланған. Оның ішінде 3 мақала – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті тізіміндегі республикалық ғылыми журналдарда, 2 мақала Scopus мәліметтер базасындағы шетелдік журналында, 1 ұжымдық монография, 4 РИНЦ базасына енген мақалалар мен 6 тезис және 1 мақала республикалық және халықаралық конференциялар материалдарында басылып шыққан.


Шадманова Лаура Шарбатовнаның 6D061300- Геоботаника мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Жоңғар Алатауы популяциясындағы *Malus sieversii* (Ledeb.) M. Roem жана сорт-клондарын *in-situ* және *ex-situ* жағдайында зерттеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының ғылыми – практикалық маңызы үлкен, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің философия (PhD) бойынша докторлық диссертацияларға қойылатын қазіргі талаптарына толық сай келеді және қорғауға жіберуге болады деп ойлаймын.

Лаура Шарбатқызының институтымызда орындаған ғылыми жұмысы Ботаника және фитоинтродукция институтында одан әрі жұмыс істеуге ынталандыру болады деп ойлаймын. Мен оның докторлық диссертациясын және болашақ ғылыми мансабын қолдауды ұсынамын, өйткені ол диссертациялық жұмысты орындауда ерекше қабілетін көрсетті. Мен оның докторлық диссертация қорғауға деген ұмтылысын толық қолдаймын.

Оның докторлық диссертация қорғауға деген ұмтылысын толық қолдаймын.

Ғылыми жетекшісі,
Биология ғылымдарының
докторы, ҚазҰАЖҒ академигы

Ситпаева Г.Т.



15.10.2021